

"Шу ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Шу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 31 шілдедегі № 8-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 қарашадағы № 22-6 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 қарашада № 2055 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 25-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 31.03.2014 № 25-4 шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. «Шу ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы» Шу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 31 шілдедегі № 8-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-11-130 болып тіркелген, 2012 жылдың 5 қыркүйегінде № 74 «Шу өңірі» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «табысы аз отбасыларына (азаматтарға)» деген сөздер тиісінше «аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға)» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шу аудандық мәслихатының әлеуметтік-мәдени саланы, денсаулық сақтау, аймақты, энергетика, байланыс, әкімшілік-аумақтық құрылысты дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Сессия төрағасы
І. Тортаев

Б. Саудабаев

Мәслихат хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК